ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 21 сәуір №7119-25-00-2/2090 Астана қаласы
№7119-25-00-2/3101

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Г.М.Баткалова,
сот отырысының хатшысы А.Курмашеваның отыруында, ашық сот отырысында аудио-бейне жазба құрылғысын және «WhatsApp» қосымшасын пайдалана отырып, электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Техноком Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРСЫ ТАЛАП БОЙЫНША ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Техноком Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ҚАРСЫ ТАЛАП БОЙЫНША ЖАУАПКЕР:
«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
шартты бұзуды заңсыз деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілдері: Молдагалиев М.Б., Тажигулова И.М.
Жауапкер басшысы: Омарбекова А.С.
Жауапкердің өкілі: Абжанова Т.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 31 желтоқсанда «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) мен «Техноком Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Өнім беруші) арасында 244 091 904 теңгеге жасалған тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №138 шартқа сәйкес, Өнім беруші 2 лот бойынша тауар 1) Реагенттер жинағы, биологиялық материалдан ДНҚ бөлуге арналған, 6-түрлі-түсті мультиплексті 24 локусты ішкі өлшем стандартымен талдау жиынтығы; 2) Реагенттер жинағы, биологиялық материалдан ДНҚ бөлуге арналған, STR локустары Y хромосомасын күшейту жинағын жеткізуге міндеттенеді.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес тауар жеткізу мерзімі Шартқа қол қойылған күннен кейін 30 күнтізбелік күн ішінде (30.01.2025ж.).

Шарттың 1.1. 1.2. 2.1. тармақтарына сәйкес, Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1. тармағына сәйкес, Өнім беруші

- 1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

- 3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сатып алынатын тауардың Техникалық ерекшелігіне сәйкес сатып алынатын тауардың талап етілетін сипаттамаларының сипаттамасы мыналарды анықтайды: молекулалық-генетикалық зерттеулерге арналған Реактивтердің жарамдылық мерзімі жеткізу кезінде реактивтің жалпы жарамдылық мерзімінің кемінде 70% болуы тиіс.

Талап қоюды негіздей отырып, талап қоюшы жауапкер шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді шарт талаптарына сәйкес және шартта белгіленген мерзімдерде орындамағанын көрсетті.

Шарт талаптарын бұза отырып, өнім беруші Орталықтың аумақтық бөлімшелеріне 2-қосымшада (шартқа техникалық ерекшелік) көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін тауарларды жеткізген. 31.01.2025 ж. 8 сәйкессіздік актісі бойынша, ұқсас мазмұнда аумақтық бөлімшелердің сарапшылары жеткізілген тауарлардың шарттың техникалық ерекшеліктеріне сәйкес келмейтінін анықталды:

- 1 лот бойынша: Investigator 26plex QS Kit (100) өнім жеткізушінің техникалық ерекшелігінде «Шығарылған жылы» бөлімінде 2024 жыл көрсетілген. Алайда, 20241001 лотымен жеткізілген тауардың шығарылған күні

Документ подписан: Батқалова Г. М., 28.04.2025

7119-25-3-1/1752

бар: 2023-02-21, бұл техникалық ерекшелікте мәлімделген деректерге сәйкес келмейді;

- 2 лот бойынша: өнім берушінің техникалық ерекшелігінде ішкі өлшемдік стандарт (матрицалық стандарт), үлгі Matrix Standard BT6 (50), «Ұлттық стандарттардың атауы, ал ұсынылатын өнімге мемлекетаралық стандарттар болмаған жағдайда» бөлімінде. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған жағдайда ұсынылатын өнімнің қажетті функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі (нақты сипаттамалары көрсетілген).» Техникалық шарттарға сәйкес көлемі 50 мл екені көрсетілген. Алайда, жеткізілген өнімнің көлемі 50 мкл, бұл бастапқыда мәлімделген техникалық сипаттамаларға сәйкес келмейді.

Бұл ретте актілерде келесі бұзушылықтар көрсетілген:

- «Техноком Групп» ЖШС №67520351- OKI лоты бойынша №2 қосымшада (техникалық ерекшеліктер) «Өндіруші (дайындаушының атауы және оның орналасқан жері көрсетілген)» бөлімінде өндірушінің мекенжайы Qiagen StraBe 1, 40724 Hilden, Germany (Кьяген штрассе 1, 40724, Хильден, Германия). Алайда, 20241001 лотымен бірге жеткізілетін жинақта өндірушінің мекенжайы: QIAGEN (Shenzhen) Co., Ltd., 2F-6F, No. 18, JinHui Rd., PingShan District, SheZhen, CHINA, Tel: +86-800-988-0325, бұл жеткізуші ұсынған көрінеу жалған ақпарат болып табылады;

- «Техноком Групп» ЖШС №2 қосымшасында (техникалық шарттар) «Ұлттық стандарттардың атауы, ал ұсынылатын тауарларға мемлекетаралық стандарттар болмаған жағдайда» бөліміне сәйкес №67520351 және №67521172-OK1 лоттары бойынша. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған жағдайда ұсынылатын өнімнің қажетті функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі (нақты сипаттамалары көрсетілген). Өнімнің сәйкестік сертификаты және реагенттің қауіпсіздік паспорты ұсынылуы керек, алайда бұл құжаттар жеткізілген кезде болмаған.

- Шартың 4.2 тармағына сәйкес, Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

Бұл ретте, шарттың 5.1-тармағына сәйкес Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады: ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері. Актілер негізінде жауапкерге

Документ подписан: Батқалова Г. М., 28.04.2025

тауарлар бойынша анықталған ескертулерді жою туралы хабарламалар 31.01.2025 ж. және 03.02.2025 жолданған. Алайда, жеткізуші ескертулерді түзетпеген, тауар техникалық ерекшелікте көрсетілген және 13.02.2025 жылғы хабарламаға сәйкес сәйкес тауарлармен ауыстырылмаған. Жеткізушінің шарт бойынша техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес тауарды жеткізу жөніндегі өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан шартты бұзу ниеті туралы хабарлама жіберілген.

Шарттың 8.3-тармағына сәйкес Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп 1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса; 2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

Талап қоюды қанағаттандыруды және ЖШС талабынан бас тартуды сұрады.

Жауапкер ЖШС шарт бойынша міндеттемелердің орындалғанын, жеткізілген тауардың шартқа техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келетінін көрсеткен, бірақ тапсырыс беруші тауарды себепсіз қабылдамағанын. Өндірілген елі мен күні бойынша жеткізуші мынаны айтады. QIAGEN — молекулярлық диагностика, қолданбалы тестілеу, ғылыми зерттеулер және фармацевтикалық даму үшін технологияларды ұсынатын Германияда орналасқан көпұлтты компания. QIAGEN 25-тен астам елде (соның ішінде Еуропа, Америка, Қытай және Азия-Тынық мұхиты аймағы) 35-тен астам кеңселерімен жұмыс істейді. QIAGEN GmbH (Германия) және QIAGEN Shenzhen Co. Ltd (Китай) біртұтас өндірістік құрылымның бөлігі болып табылады және өндірістік қуаттардың аумақтық бөлінуіне қарамастан бір өндірістік зауытты білдіреді. Екі компания да QIAGEN N.V. құрамына кіреді. QIAGEN GmbH өнімді әзірлеуге, сертификаттауға және сапаны бақылауға жауапты негізгі заңды тұлға болып табылады, ал QIAGEN Shenzhen Co. Ltd бірыңғай сапа менеджменті жүйесі аясында жұмыс істейтін өндіріс орны ретінде әрекет етеді. Екі учаскедегі өндірістік процестер ISO 13485, CE, FDA және NMPA халықаралық сертификаттарымен расталған бірдей сапа стандарттарына сәйкес келеді. Бұл Қытайда жасалған өнімдер QIAGEN GmbH белгілеген талаптарға қатаң сәйкес өндірілгенін білдіреді, бұл олардың мәлімделген сипаттамаларға және нормативтік талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

1-лот бойынша реагенттердің жарамдылық мерзімі бойынша: жеткізілген өнім Investigator 26plex QS (өнім коды 382615), сот-сараптама, жеке сәйкестендіру және әке болуды анықтауда молекулалық биологиялық қолдануларға арналған, 5 құрамдас бөліктен тұрады, көрсетілген 5 құрамдас ақпарат қорапқа салынған, онда келесі көрсетіледі: 21.02.2023 және штрих-код 038261526040820241001**.** Өнімді таңбалау талаптарына сәйкес, штрих-кодта

Документ подписан: Батқалова Г. М., 28.04.2025

өндіруші, шыққан ел, өндіруші зауыт коды, өнім партиясы, шығарылған күні және басқа сипаттамалар туралы ақпарат бар. Бұл жағдайда қаптама қорабындағы штрих-код өнімнің шығу күні 2024 жылдың қазаны екенін анықтауға мүмкіндік береді. QIAGEN өндірушісінің 2025 жылғы ақпандағы хатына сәйкес, келесі түсініктеме берілді: пакет нөмірі штрих-кодтың соңғы 8 санында көрсетіледі және белгілі бір ай мен жыл ішінде өндірілген сериялардың саны ретінде анықталады. 20241001 үшін бұл 2024 жылдың қазан айында шығарылған бірінші партия, атап айтқанда 2024 жылдың 18 қазаны. Бұл күн өндіру күні ретінде пайдаланылады. (Өндіріс күні) - 2023-02-21 бірінші құрамдас бөліктің күні, атап айтқанда 20241001 лот үшін Investigator 26plex QS жинағына арналған аллельді леддер».

Жоғарыда көрсетілген сәйкессіздікке сүйене отырып, өндіруші өз хатында QIAGEN Hilden (HIL) (Хильден қ.,Германия) және QIAGEN Shenzhen (SHZ) (Шенчжэнь қ., Қытай) өндіріс процестері арасында сәйкессіздік анықталғанын растайды. Өндіріс орындары QIAGEN Hilden (HIL) зауытының (Хильден қ., Германия) анықтамасына сәйкес әртүрлі QIAGEN қондырғылары арасында жинақты өндіру/монтаждау күнін анықтау үшін жұмыс процедурасының стандарттарын одан әрі үйлестіру процесін бастады.

Осылайша, тауардың сәйкессіздігі туралы актіде тапсырыс беруші тауарды шығару күні 21.02.2023 ж. деп қате қорытындыға келген. Ал жарамдылық мерзімі 08.04.2026 жылға дейін, яғни барлығы 37 ай, тауарды жеткізу кезінде (30.01.2025 ж.), тауар шығарылғанына 22 ай өтті, 15 ай қалды, бұл 40% құрайды, бұл техникалық ерекшелікке сәйкес келмейді.

Алайда, өндірушінің хатына және өнімнің штрих-коды деректеріне сәйкес, өнімнің шығарылған күні - 2024 жылдың 18 қазаны, ал жарамдылық мерзімі - 2026 жылдың 8 сәуірі, бұл жалпы 18 айды құрайды. Жеткізу кезінде (31.01.2025 ж.) тауардың өндірілген күнінен бастап 3 ай өтті, ал қалған сақтау мерзімі 15 айды құрайды, бұл жалпы сақтау мерзімінің 83%-ына тең.

Осылайша, жеткізуші техникалық шарттарды сақтамау және жалған ақпарат беру бөлігінде шарт талаптарын бұзған жоқ.

Өнім берушінің тауарды орау бөлімінде https://goszakup.gov.kz/ порталында техникалық ерекшелікті толтыру кезінде өнім беруші толтыру кезінде қате жібергені көрсетілген: қаптаманың орнына мкл. мл қаптама көрсетілген, осы стандарт үшін дұрыс қаптама 50 мкл. Стандарттардың барлық өндірушілері микролитрмен (мкл) өлшенетін қаптамада ұқсас стандарттарды шығарады.

Сондай-ақ, бірліктерді түрлендіруге сәйкес: 1 мл 1000 мкл-ге тең, бұл өздері ұсынатын стандарттардан 1000 есе көп дегенді білдіреді, бұл реагент жинақтары үшін пропорционалды емес сома болады, өйткені №67520351, № 67521172 лоттары үшін ұсынылған жинақтар 100 реакцияға арналған. Қаптаманы растау ретінде өздері QIAGEN Hilden (HIL) өндірушісінен (Хильден қ., Германия) Matrix Standard BT6 (50) өнімі туралы хатты, каталог нөмірі 386224 тіркелген.

Документ подписан: Батқалова Г. М., 28.04.2025

Шартты біржақты бұзу үшін негіздердің жоқтығын көрсете отырып, тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандырудан бас тартуды және жеткізушінің қарсы талаптарын қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілідері талапты қолдап, қанағаттандыруды, қарсы талаптар қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Жауапкердің өкілдері көрсетілген талаппен келіспей, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды, қарсы талаптарын қанағаттандыруды сұрады.

Сот тараптар өкілдерінің уәждерін тыңдап, азаматтық іс материалдарын зерделей келе, ұсынылған дәлелдемелерді толығымен бағалай отырып, мынадай қорытындыға келеді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 273-баптарының, 277-бабының 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай шарттарды: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып

Документ подписан: Батқалова Г. М., 28.04.2025

алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Сотта өнім берушінің шарт талаптарына сәйкес шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындамағаны, жеткізілген тауардың техникалық ерекшеліктерге сәйкес келмегені, жеткізуші тарапынан бұзушылықтарды жою бойынша тиісті шаралар қабылданбауы анықталды.

Шарттың техникалық ерекшеліктеріне сәйкес тауарды жеткізуге қатысты жеткізушінің дәлелдері негізсіз, өйткені өнім беруші қате көрсетілген тауардың жарамдылық мерзімі жиынтықтағы барлық құрамдас бөліктерге қатысты екенін көрсететін тиісті дәлелдемелерді ұсынбаған. Өндірушінің 2025 жылғы ақпандағы хатына сәйкес, бірінші компоненттің өндірісі 21.02.2023 күні көрсетілген. Сонымен бірге, 2025 жылдың сәуіріндегі кейінгі хаттарда өндіруші осы компонентті ауыстыруды немесе қайта шығаруды көрсетпеді, реагенттердің жиынтығының шығарылу күні 18.10.2024 деген уәждері негізсіз, себебі өндіруші тауарды жеткізуге мүдделі тарап болып табылады. Шартты орындау барысында көрсетілген бұзушылықтар жеткізушімен түзетілмеген, 2 айдан кейін сынақ барысында өндірушіден түсініктеме хаттар берілген. Сонымен қатар, 2025 жылдың сәуір айындағы хаттарда өнімнің жарамдылық мерзіміне сәйкестігі туралы тиісті дәлелдер жоқ.

Сот тауардың техникалық ерекшелігі жеткізушінің өтініші бойынша жасалғанын, шартты жасау кезінде өнім беруші шағым немесе ескертпелерсіз шартқа қол қойғанын, бұл өнім берушінің шартты оның техникалық ерекшелігіне сәйкес орындауға келісімін көрсетеді, оның ішінде: тауарды өндіруші компанияның QIAGEN Shenzhen (SHZ) (Шеньжень, Қытай) филиалдарының бірінен жеткізілуі тиіс екенін көрсетпеген, 2 лот бойынша тауар көлемін көрсету бөлігінде – өтінімде көрсетілген көлемді өнім берушінің өзі ұсынған, өтінімде көрсетілген көлемнен ерекшеленетін жеткізу көлемі сатып алынатын тауардың техникалық ерекшелігіне сәйкес емес.

Мұндай жағдайларда сот іс материалдарын тұтастай талдай отырып, азаматтық-құқықтық жауапкершілікке негіз ретінде жауапкердің кінәсін, сондай-ақ шарт жасасу кезінде оның күткенін алмауында көрсетілген тапсырыс беруші үшін туындаған теріс салдарды ескереді. Жеткізушінің адалдығы техникалық ерекшеліктерге сәйкес келмейтін тауардың шығарылған күні мен елі көрсетілген (қораптағы күн 21.02.2023 ж. және шығарылған елі QIAGEN Shenzhen (SHZ) (Шеньжень қ., Китай), жосықсыз болып айқындалған, тауарды тапсырыс берушінің мекенжайына жеткізумен анықталады, бұл жеткізушінің шартты тиісінше орындамағанын көрсетеді.

Документ подписан: Баткалова Г. М., 28.04.2025

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, жауапкердің шарт бойынша өзіне алған міндеттерін толық орындамағанын ескере отырып, сот өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюын қанағаттандыру қажет деген қорытындыға келеді.

Тиісінше, өнім берушінің шартты бұзуды заңсыз деп тану туралы қарсы талабы шартқа техникалық ерекшеліктерге сәйкес шарттың орындалмауы, ал өнім беруші шарттың тиісті түрде орындалғаны туралы тиісті дәлелдемелерді ұсынбауына байланысты бас тартуға жатады.

АПК-нің 117-бабының негізінде сот жауапкерден мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығыстарды өндіріп алады..

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Техноком Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Техноком Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Техноком Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Техноком Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына қойған шартты бұзуды заңсыз деп тану туралы қарсы талап қоюы - қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **Г.М.Баткалова**

Документ подписан: Баткалова Г. М., 28.04.2025

7119-25-3-1/1752